



Ақмешіт

17 тамыз
сейсенбі
№65 (1767)
2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

БІЛІМ

Мектеп түлегінің өмір жолындағы жаңа кезең – студенттік шаққа аяқ басар тұсы жақындады. Ұзақ жылғы дайындық пен ҰБТ-дағы қобалжу, маза қашырған мамандық таңдау әлегін еңсерген өрендер енді нәтижесін көруде. Мемлекеттік білім грантының қорытындысы әр түлекке түрлі әсер қалдырып, бірі таңдаған оқу орнына қамдана бастаса, бірі ақылға негізде оқу үшін ЖОО таңдауға көшті. Білім шыңына жетелеген еңбек пен табандылықтың жемісін көрген қаншама түлектің көңілі алып-ұшып, қуанышқа кенелуде. Осы орайда аймақта биыл қанша түлек мемлекеттік білім грантына іліккенін, қай мамандықты игеруге мүмкіндік алғанын саралап көрелік.

АЙМАҚТА 3849 ТАЛАПКЕР ГРАНТ ИЕГЕРІ АТАНДЫ



Күні кеше республика бойынша мемлекеттік білім беру гранттарының қорытындысы жарияланған болатын. Соның ішінде Сыр елінің талапкерлері де мемлекет есебінен ұсынылатын тегін білім алу мүмкіндігіне ие болды. Биылғы жылы өңірде 5184 оқушы мемлекеттік грантқа өтініш берген. Оның 3849-ы грант иегері атанды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда грант иегерлерінің саны 791 түлекке көбейіп отыр.

Гранттардың бөлінісі бірнеше басым бағыттарға қарай тағайындалыпты. Атап айтқанда, педагогика саласы мен медицина, ауыл шаруашылығы және техникалық мамандықтарға гранттар алынған. Облыс бойынша грантқа үміткер болған 3 849 оқушының басым бөлігі педагогикалық және техникалық мамандықтарды таңдаған. Тарқатып айтқанда, 1303 талапкер педагогикалық, 361 түлек медициналық бағытты таңдаса, 1173 үміткер техникалық мамандықтарға таңдау жасаған. Ал 217 түлек ауыл шаруашылығы бағытына баруды көздейді. Сонымен бірге 795 түлек өзге де бағыттағы мамандық иесі болуды қалады.

Айта кетейік, 2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша «Алтын белгі» иегерлерінің 190-ы, яғни 35 проценті педагогикалық бағыттағы мамандықтарға оқуға қабылданып отыр.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

КОРЕЙ БАТЫРЫНА КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Сыр еліне ресми сапарымен келген Корея Республикасының делегациясы генерал Хон Бом Донның сүйегін еліне жерлеу үшін табытын туған жеріне алып кетті.

Арнайы шарада облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, орынбасары Серік Ахмет, қала әкімінің міндетін атқарушы Бектас Нұрдинов, облыстық Корей этно-мәдени бірлестігінің төрайымы Елена Ким мәртебелі меймандарға құрметін білдірді.

Корея Республикасының патриоттар және ардагерлер жөніндегі министрі Хван Ги Чоль, Корея Республикасының Қазақстан Республикасындағы төтенше және Өкілетті Елшісі Ку Хонг Соқ, «Генерал Хон Бом До мемориалы» қорының төрағасы У Вон Шик, актёр Чо Вон Джун Сыр жұртының қаһарман тұлғаға деген ерекше құрметі үшін ризашылығын білдіріп, бұл сапар ынтымақтастық бағытындағы екіжақты әріптестікті, достықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік беретінін айтып, алғысын жеткізді.

Шарада Қазақстан Республикасының сарбаздары Хон Бом Донның сүйегін табыстау рәсімін өткізіп, генералдың табытын Корея Республикасының сарбаздарына табыс етті. Іс-шараға қатысушылар Хон Бом Донның құрметіне қоштасу рәсімін жасап, бас иді.

Мәртебелі меймандар Қазақстан делегациясымен қоштасып, арнайы құрметін жеткізді. Айта кетейік, шетелдік делегация сапарының басты мақсаты – өткен ғасырдың басында жапон басқыншыларына



қарсы корей партизандық қозғалысының батыры болған, генерал Хон Бом Донның сүйегін туған жеріне алып кету және екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту бағытында бірлескен жобаларды талқылау. Ресми сапардың алғашқы күнінде мәртебелі меймандар «Хон Бом До» мемориалдық кешеніне барып, генерал Хон Бом Донның рухына тағзым етті. Сондай-ақ жергілікті корей халқының рәсімі бойынша еске алу шарасынан кейін Хон Бом До кабіріндегі сүйек қалдықтарын еліміздің құрмет қарауының қатысуымен ресми шығарып салу рәсімін өткізді.

Мұнан кейін облыстық мекемелер үйінде облыс басшылығы Корея Республикасы делегациясы өкілдерімен кездесті. Қос тарап өзара байланысты дамытуға негізделген маңызды мәселелерді талқылады. Білім, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау салаларындағы өзара іс-қимылды кеңейту, туризм саласын дамыту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бағытында бірлескен жобалар қозғалды.

«Ақмешіт-ақпарат»

БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҒЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Осыдан он жыл бұрын екінің бірі заңгер, экономист, есепші мамандығын таңдады. Ал қазір жоғары жалақы төленетін IT-маман, СММ мамандары сұранысқа ие. Осыдан-ақ әлемнің көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқанын аңғаруға болады. Тіпті алдағы уақытта бүгінгі көп мамандық жарамсыз болып қалуы да мүмкін. Болашақта қандай мамандарға сұраныс артады? Бұл жөнінде сарапшылар түрлі пікір айтып, зерттеушілер жан-жақты зерттеу жүргізіп жатыр.



Бала күнімізден «Болашақта адамның жұмысын роботтар істейді» деген сөзді жиі естіп өстік. Бүгінде бұл жастар мен оқушыларды мазалайтын басты жұмысқа айналды. Өйткені қазір студенттер оқып жүрген мамандық алдағы он жылдықта сұранысқа ие болатынына ешкім кепілдік бермейді. Әрине, ол уақыт еншісінде. Дегенмен бұрынғы кей алпауыт зауыттар мен фабрикалар бүгінде жұмыс істемейді. Сол секілді болашақта роботтар мен автоматтандырылған жүйе ауыр әрі қиын жұмысты өздері істейтін болады. Соған байланысты адамға жұмыс көзі азайып, бізге таныс мамандықтар болашақта қажет болмауы мүмкін. Тіпті біліктілігі төмен қызметкерлер бәсекеге ілесе алмай қалуы да ғажап емес.

Республикалық «Еңбек.кз» сайтындағы жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласында алдағы 5-10 жылдағы сұранысқа ие және мүлдем жойылатын мамандықтар анықталған. Осыған орай болашақта қандай мамандықтардың сұранысқа

ие болатынын сіздерге ұсынуды жөн көрдік.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: «Болашақта мүлдем жаңа мамандықтарға қажеттілік туады. Роботтар жұмыс істей бастайды. Қазір ғылым генді инженерия мен биология саласын дамыту үшін жұмыс істеуде. Өзірге барлық компьютерлер адам миын алмастыра алмайды. Бірақ жасанды интеллект бар. Барлық қиын жұмысты компьютерлер мен роботтар атқарады. Біздің мамандық туралы барлық түсініктеріміз өзгереді. Сондықтан біз қаласак та, қаламасак та жұмыс орындары қысқара бастайды», – деген еді. Расында, сарапшылардың айтуынша, алдағы 10 жыл көлемінде қазіргі мамандықтардың 47 проценті жойылады. Зерттеу нәтижелері бойынша мектепте оқып жатқандардың 65 проценті болашақта енді пайда болатын мамандық иелері атануы да мүмкін.

2 БЕТТЕ

50 ЖЫЛЫЖАЙ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР

Биылғы жылдың сәуір айында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның Қызылорда облыстық филиалы қаржылық лизинг бағдарламасы аясында «Golden Bridge Turan» ЖШС-ның жобасын қаржыландырды. Қаржыландыру шарттарына сай аталған серіктестік ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру бағытында 50 жылыжайды пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Жобаның жалпы құны 221 223 411 теңгені құрады.



Бүгінгі күні 48 жылыжайды қайта жабдықтау, инженерлік желіні жөндеу, оның ішінде су жүйесі, ток көзі мен суару құбырларына жөндеу жұмысы жүргізілген. Қазіргі таңда кешенді көгілдір отынмен қамтасыз ету мақсатында жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл жұмыстардың

барлығына 70 млн теңге қаражат жұмсалған.

45 жылыжайда өзбекстандық күріштің жоғарғы сұрпы, яғни Аланга мен Лазер күріші егілген. Қарауылтөбе ауылдық округі маңындағы 205 гектарды құрайтын егістік алқабына егілген. Күріш толық

шығып тұр. Жапондық технологиямен өсіріліп жатқан күрішке жалпы сомасы 45 млн теңге қаражат жұмсалған. Бұл технология өз кезегінде су тапшылығы орын алған уақытта су көзін үнемдеуге оң пайдасын тигізбек. Ал күріш өнімін орып алу қыркүйек айына жоспарланған.

Жоба аясында серіктестік 20 егістік маманын тұрақты жұмыспен және жылыжайда көшет егумен айналысатын 50 маманды жұмыспен қамтып отыр. Соның нәтижесінде серіктестіктің жылдық жалақы қоры 5,5 млн теңгені құрады.

Одан бөлек компания егіс алқаптарына арналған жалпы сомасы 90 млн теңгені құрайтын 7 техника сатып алған. Сондай-ақ серіктестік теңгерімде көлемі 10 мың текше метр болатын 6 су жинайтын цистерна мен басқа да өнім егетін құрылғылар бар.

Ендігі кезекте жылыжайда тек көшет егіп, оны алқапқа орналастырып, орып алудан басқа бақша өнімдерін, экологиялық таза көкөністер егу де жоспарда тұр. Бұл жұмыстар өз кезегінде жылыжайды толықтай іске қосуға мүмкіндік бермек.

А.БІРКЕНОВ

АУАҒА ШЫНЫМ ЕН У ШАША МА?



Бүгінде қаншама адам өмірмен алысып, тіршіліктің қалдығын түсініп жатқанда кей азамат әлеуметтік желіде негізсіз ақпарат таратып, халықты шатастыруда. Әсіресе, коронавируспен қарсы вакцинаның тиімділігіне күмән мен іңдеттің таралу себебіне қатысты жалған ақпарат әлеуметтік желіде желдей есіп жүр. Мұндай негізсіз мәліметтер тұрғындар арасында вакциналау жұмысын кешеуілдетумен қатар, іңдет қаупін жете сезінуге кедергі келтіруде. Соның ішінде құлаққа ерсі, ойға қонымыз ақпараттың бірі – «аспаңға ұшақпен у шашады екен» деген жалған мәлімет.

2 БЕТТЕ

БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҒЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

IT – КЕДІСТІКТІҢ БАСТАУ АЛАҒЫ

Бүгінде кенсе қызметкерлерінің орнына мәселенің шешімін адамға карағанда жылдам табатын әрі тиімді жұмыс атқаратын ақылды компьютерлік жүйелер келуде. Алдағы уақытта ақпараттық технология адам өмірін түбегейлі өзгертеді. Себебі біз кез келген қашықтықта оңай сөйлесіп, жұмыс істей аламыз. Болашақта редактор, дизайнер мамандығы жедел редакциялауды қамтамасыз етеді. IT-инфрақұрылымдардың күрделенуі мен дамуы саланың басты сипатты белгілерінің бірі болады. Сондықтан ақпараттық технология барлық жаңа салаға еніп, үнемі кеңейтіліп отыратын әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа жобасына айналады. Алдағы уақытта ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді техникалық қолдау жөніндегі мамандар, жүйелер бойынша кеңесшілер, веб-парақты жасаушы, Call орталықтарының операторлары құрамына ене бермей, бұл қызмет түрлері жойылуы да мүмкін.

шаруашылығы белсенді дами береді. Оның ішінде мал, құс және өсімдік шаруашылығы өндірісі қалдықсыз толығымен қайта өңделеді. Олардан экологиялық таза тыңайтқыштар мен биогаз алынады. Осыған байланысты экотехнолог мамандығына сұраныс артады. Олар мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының қалдықтарын қайта өңдеуге қажетті технологиялар мен құрал-жабдықтарды біледі. Қайта өңдеу үдерісін ұйымдастырады. Сондай-ақ заман талабына сай биотехнолог-микробиолог мамандығы ауадай қажет болады. Негізгі қызметі – барлық улы заттарды жойып, қышқылдану-қалпына келтіру процестерін орындауға қабілетті микроорганизмдердің штамдарының көмегімен су қоймаларын (суаттарды) тазалау әдістерін әзірлеу.

Сонымен қатар «ақылды мал» шаруашылығы, «нақты» егіншілік өңдеуді автоматтандыру қолға алынады. Болашақта барлық мал шаруашылығы фермасы бір-бірімен байланысты

арам шөптермен күресетін, тұқым егу үшін топырақ пен егістің жағдайына мониторинг жасайтын роботтармен саласын таңдап, роботтарды басқарғысы келгендер болашақта жоғарыдағы мамандықтарды таңдауы керек. Алдағы уақытта елімізде қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарыққа шығарып, экспорттың әлеуетін арттыруға атсалысатын мамандар да сұранысқа ие болмақ.

қызығушылық танытса, онда болашақта осындай кәсіптер кен етек жаймақ. Атап айтсақ, сандық жобалаушы, ақылды үй жобалаушы, виртуалды жобалаушы мамандықтары жаңадан ашылмақ.

XXI ғасырда елімізде құрылыс қарқынды дамыды. Жыл сайын көз тартар зәулім ғимараттар салынуда. Алдағы уақытта да технологиялық кезеңдерді экологияландыру қолға алынады. Құрылыстан қалған қалдықтарды да жүзеге асыру көзделуде. Осыған орай «Жасыл» жобасы, «Жасыл» технология жүйесі пайда болып, олар аталған саланы дамытуға мүмкіндік береді.

Бір-бірте құрылысшылар мен жұмысшыларды алмастыратын – 3D-принтерлер мен роботтар жұмыс істей бастайды. Сол кезде құрылыс саласындағы бірнеше мамандық жойылып кетуі мүмкін. Мәселен, жүк көліктерін жүргізуші, сылақшы, тас қалаушы, терезеге әйнек салатын жұмысшы, шатыршы, дәнекерлеушілердің жұмысын роботтар атқарады.

АДАМСЫЗ КЕН ОРЫНДАРЫ МЕН САНДЫҚ ЕГІЗДЕР

Болашақта мұнай-газ саласындағы өндірістік процестер айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Бүгінгі мұнайшылардың бейнесі өткен тарихқа айналады. Алдағы 10-15 жылдың көлемінде кен орындары қанырап бос қалады. Жұмыстың көп





ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Еліміздегі энергетика саласының энергия генерациясынан, оны бөлуден, пайдаланудан бастап, тұтынуды басқаруға дейінгі барлық сатылары зерттелуде. Бүгінде 32 жаңа мамандық әзірленіп, 5 өзгеретін және 10 жойылып бара жатқан мамандық анықталған. Қазақстанда қазірдің өзінде күн мен жел электр энергиясының шамамен 2,5 проценті өндіріледі. Алдағы он жылда ол 10 процентке дейін өседі. Сондықтан болашақта осы салаға мамандар көбірек қажет болады. Атап айтсақ, энергомәдениеттердің агрономы – аймақтың табиғи және климаттық жағдайларына сүйене отырып, энергия өндірісі үшін оңтайлы ауылшаруашылығы дақылдарын анықтайтын мамандық. Сондай-ақ биоэнергетик, микробалдырлар бойынша микробиолог, регенерация және қолға жарату жөніндегі инженер, реакторлық жабдық инженері мамандықтары сұранысқа ие болмақ.

Сонымен бірге «Ақылды желілер» жобасы елімізде бес жылдың ішінде жүзеге асады деп жоспарлануда. Бұл бағыт жеке маманға ғана емес, цифрлық өнімді әзірлеуге дайын IT компанияларға да қызықты болуы мүмкін. Алдағы уақытта бұл бағыт елімізде тұтыну жүйесін қалыптастыруға әсер етіп, үйлер мен кәсіпорындарда энергия тұтынуды басқарудың маңызды бөлігіне айналмақ.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ АРТАДЫ

Еліміздің экономикасында аса маңызды орын алатын саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Бұл саланы жандандырып, әрі қарай дамыту үшін түрлі болжамдар жасалауда. Осылайша жаңа мамандық әзірленген. Әсіресе егін мен мал




кешен ретінде бірыңғай сандық жүйеге көшеді. Мал шаруашылығын дамытудың жаңа кезеңінің ең жарқын көрінісі – роботтандырылған сүт фермалары. Елімізде бұл жоба жүзеге асса, сүт фермаларында мал күтуші роботтехник мамандары қажет болады. Олар сауыншы роботтар, автоматтандырылған азықтандыру жүйесі, көң жинайтын роботтарды басқарады. Ал робототехника бойынша оператор мамандары егін шаруашылығында топыраққа химиялық талдау жасайтын,

Сондай-ақ цифрлық технология дамыған кезде қол еңбегі мамандықтары мен ақыл-ой еңбегінің қарапайым мамандарының бір бөлігі қысқарып, олар автоматтандырылады. Атап айтсақ, 2025 жылы қазіргі жем беруші, жұмыртқа қабылдаушы (сұрыптаушы), ет өнімдерін өлшеп ораушы мамандарының қол еңбегін роботтар алмастырады. Сонымен бірге өзгеріске ұшырайтын мамандықтар да бар. Мәселен, наубайханаларда нан-тоқаш және астық өнімдерін дайындау үшін роботты басқаратын операторлар жұмыс істеп, нанға арналған қалыптарды ашу және түсіру үшін екі роботты жүйелер қолданылады.

ҚҰРЫЛЫСШЫ РОБОТТАР

Жаңа мамандықтар атласы Қазақстанның құрылыс саласын инженерлік ізденістер мен жобалаудан, құрылыс-монтаждау жұмыстарынан бастап құрылыс алаңындағы құрылыс материалдарына, жабдықтар мен техникаға дейінгі барлық сатыларды зерттеді. Нәтижесінде 17 жаңа мамандық әзірленіп, 16 жоғалып бара жатқан мамандық анықталды. Егер жастар технологиялық кезеңдерді цифрландыруға



бөлігін қалада басқаруға болатын машиналар немесе оларға енгізілетін басқару бағдарламасы бар роботтар орындайды. Мұнай-газ саласының инженері цифрлық модельдерін құрастыратын IT маман болады. Сондықтан «IT-диспетчері» мамандығы сұранысқа ие болады.

Мұнайдан көптеген заттар жасалатынын бәрі біледі. Атап айтсақ пластик, резенке, отын және тамақ өнімі. Көп ұзамай біздің елде де түрлі тауарлар шығарылатын болады. Сондай-ақ жаңа жұмыс орындары ашылып, олар елге жоғары табыс әкеледі деп күтілуде. Ал білікті химиктерге өз-өзін танытуға жол ашылады. Егер мұнай өнімдерінен өнім шығаратын маман иесі болғысы келсе, төмендегі жаңа мамандықтарды меңгерген жөн. Мәселен, есептеу химиясы инженері, жаңа материалдарды әзірлеу жөніндегі химик-зертханашы, тағы да басқа мамандықтар қосылады. Сонымен қатар мұнай саласында қарапайым жұмысшылар істейтін жұмыс түрлері қысқаратын болады.

Қанша жерден ақпаратты технология дамып, роботтар іске қосылғанымен жақсы маманға деген сұраныс қашанда жоғары болары сөзсіз. Сондай-ақ біздің түсінімімізше, мамандықтың басым көпшілігі жойылмайды, керісінше жаңа деңгейге ауысады.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ДЕНСАУЛЫҚ



COVID-19: БІР ТӘУЛІКТЕ 166 ЖАҒДАЙ ТІРКЕЛДІ

16 тамыздағы дерек бойынша өткен тәулікте аймақта коронавирус инфекциясын жұқтырған 166 жағдай тіркеліп, 2020 жылдан бастап облыста тіркелген науқастар саны 13528-ге жетті. Ал тек биылғы жылы жұқтырғандар 10136 адамды құрайды. Бұл көрсеткіш әлі де болса бәсеңсуге болмайтынын білдіреді.

Мәселен, 15 тамызда өңірде 166 вирус жұқтыру дерегі тіркеліп, оның 128-інен ауру белгілері байқалған. Нәтижесінде анықталғандардың 40 проценті, яғни 67 адам инфекциялық стационарға жатқызылған.

Сол күні аймақта 168 адам коронавирустан жазылып шығып, жалпы емделіп шыққандар саны 10550 адамды, яғни 78 процентті құрады.

Қазіргі кезде облыстағы инфекциялық стационарларда барлығы 1240 науқас ем қабылдап, стационардың жүктемесі 53 процентті құрады. Ал жансақтау бөлімінің жүктемесі 52 процент, себебі онда 89 науқас ем қабылдап жатыр.

Аймақта бір тәулікте 445 тұрғын коронавирусқа қарсы екпенің I компонентін қабылдап, алғашқы екпені алғандардың жалпы саны 241 852 адамға жетті. Ал II компонентті 15 тамызда 521 адам салдырып, вакцинаны толықтай алғандар саны 186413 адамды құрады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Әрине, мұндай әңгімеге салқынқанды ойлай алатын азаматтардың нанбасы белгілі. Алайда ақ пен қараны аңдамайтын кейбір тұрғындар жалған ақпаратқа алданып, тіпті әлеуметтік желіде кеңінен таратып келеді. Өкінішке орай сондай қате ақпараттың ар-бауына түсіп, астар іздеген тұрғындар арасында қарапайым халықпен қатар, кейбір денсаулық сақтау саласының қызметкерлері де бар. Сондықтан «ел жатқанда жатпаған» ұшақтың мәнісін іздеп көрейік.

Жалпыхалықтық науқан басталарда міндетті түрде қарсы немесе бұра тартатын топтың болары анық. Ол – қай заманнан бар үрдіс. Себебі әр адамның ойлауы, таным-түсінігі, қабылдау деңгейі әрқилы. Оның үстіне бүгінде теріс ақпараттың өзі вирустан кем түспейді. Қарсы тұрар ақыл, ой-сүзгісі болмаса, дегеніне көндіріп, қалағанын ұқтырады. Индет алғаш пайда болғанда да, емі табылып, вакциналау басталған тұста да осындай топ пайда болды. Әуелгіде «уақытша дерт», «әлемдік биліктің жоспары» деген санаға қонбас сандырақты айтқан жұрт уақыт өте кінәні мемлекетке аударып, ауруды қолдан жасады деп шала құқық қорғау органдары мен денсаулық сақтау саласының мамандары тексеру жүргізіп, бейнежазбадағы

дәлелдеуге тырысқан жалған мәліметтің өзі біртөбе. Кейіннен тіпті «түнгі сағат 12-де аспанға ұшақпен у себеді екен. Терезені ашпаныңдар» деген жалған ақпарат таратты.

Таңқаларлығы, «көзбен көрген», «тікелей естігендер» көбейді. Бірі егістіктегі ұшақ-

ұшақ шашқан химиялық қоспа егістікті зиянкестерден арылтуға арналған сұйықтық екенін анықтады. Ал «таньсынан» естіген тұрғын жалған ақпарат таратқаны үшін кешірім де сұрады.

Әрине, әрбір азамат – өз пікірі мен көзқарасының

қуу ниетімен жалған ақпарат таратудың жөні жоқ.

Көңілге күмән ұяласа, денсаулық сақтау ұйымдарының ресми сайты мен әлеуметтік желілері арқылы тікелей сауал жолдауға болады. Тіпті мамандар халық арасындағы сұрақтар шеңберінде апта

басары Әлия Әбдіқайымова да нақты жауап қайтарған болатын.

– Бұл ақпарат шындыққа жанаспайды. Ақпарат тұтынушылардың көбі мәліметтің рас-өтірігін ажырата алмай отыр. Әсіресе, осындай күрделі кезеңде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған хабарламалар көптеп тарауда. Қазақстан заңнамасына сәйкес фейк ақпарат таратқандар жаза-ланады. Десе де көп адам мұндай әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын бейхабар. Осы ретте тұрғындардан жалған ақпаратқа сенбей, тек ресми дереккөзге жүгінулерін сұраймыз. Барлық расталған ақпаратты ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайтынан, департаментіміздің әлеуметтік желілердегі парақшаларынан алуға болатынын жеткізгіміз келеді, – делі сала маманы.

Расында, індетке қарсы әрбір жалған ақпарат адамның өміріне қауіп төндірмей мүмкін екенін естен шығармаған абзал. Мысалы, вакцина туралы жалған ақпараттың салдарынан Қазақстандағы екпе жұмысы тежеліп, індет жұқтыру саны көбейді. Сондықтан азаматтық, адамдық міндет шындыққа тура қарау, әділдік жағында болу, өзгеге зиян тигізбеу екені анық.

Берен ШАҒЫРОВ



Басы 1-бетте

СЫР СҮЛЕЙІ

Нартай Бекежанов Сыр сүлейлерінің ішіндегі ең қадірлілерінің қатарына қосылатын болса, сол Нарекеннің ізін жалғап, орындаушылық дәстүрі мен әндерін халыққа жеткізушілердің ішіндегі ардақтысы саналатын Арзулла Молжігітов. Ол – Нартай Бекежановтың батасын алған, тәлімін үйінде жүріп үйренген шәкірті. Өмірінің соңына дейін Нартайдың әндерін нақышына келтіре орындап, мұраларын кейінгі ұрпаққа насихаттап өтті. Арзулланың «Ұстазым Нартай еді нар тұлғалы» атты өлеңінен де көп жайтқа қанығуға болады. Арзулла ақын:

– Пендеміз адам еге есіміне,
Алдың ризамыз кесіміне,
Жерде нұр, аспанда күн, жанды-жансыз,
Қосылмақ топыраққа нәсіліне.
Пейілі ашық сақи еді, кім келсе де,
Дос-жардай сыйлаушы еді бір көрсе де.
Тапқанын мейман сыйлап, сарп етуші еді,
Қарамай бала-шаға сыр берсе де.
Жан еді жаны жомарт маңайына,
Кем-кетік, жетім-жесір ағайынға.
Шекпенін Ақмырзаға шешіп берді,
Түрмеден келген кезде май айында.
Қасына алды нар көңілін қалдырса да,
Жол салып тектіліктің шырайына.
Өзіне лайықпен қойып қойды,
Артистік қызметтің орайында.
Осындай азаматтың мәрттігіне,
Болмайды көрген көңіл қалай ырза.
Соншама таршылық кез болса-дағы,
Осыны көзім көрді бағғыда.
Бір мінез Нарекеннің қанындағы,
Жаны қас жағымпазға жанындағы.
Кісінің жөн емес деп отырушы еді,
Көңілі мән-мән ойға бағынбағы.
Айттыста кара сырнай алса қолға-ай,
Көп ақын күйбеңдеген шауып зорға-ай.
Қарағанды жүрігі Қазанқатты,
Шаңына ілестірмеді жырмен толғай.
Арқаның ардагері Нұрлыбекті,
Аударып аламанды салды оңғай-ай.
Үмбетәлі жеңіліп екі айттыста,
Атаңды Нартай ақын «дара жорға-ай»,
Ақынның майталманы Майсар да.
Жеңілістің құйқасын татқан ол да-ай,
Оңдырмай Орынбайын онтустіктін.
Қалдырған Кененді де орта жолда-ай.
«О, Нартай, шешен таңдай нарымсың» деп,
Жамбыл қарт айтпас бекер қағып таңдай.
Жүрігі заманында топтан озған,
Алдына отырушы еді кара салмай.
Ақынның болды атақты ардагері,
Қарсы алған қошеметпен барған елі.
Алдың ерекше бір құбылысындай,
Үлгі боп кейінгіге қалған еді.
Аударып жақсылыққа заман өңін,
Тойдан-той куәгермін оған өзім.
Қуанып, гармоньды қолға алдым,
Уа, Нәке, әлештеген балаң едім, – деп
жырлау арқылы жүрегіңі сырын айттып,
Нартайдың шығармашылығына бір топтап, өзін
ізбасар шәкірті екенін атап көрсеткен.

Арзекен Нартайдың қолында тұрып оқыған, білім алған, оның әндерін өзінен тікелей үйренген, сол арқылы Нартай мектебінің негізін қалаушы болып қала берді. Есімі халық сүйіспеншілігіне кенінен бөленген Арзулла Молжігітов 1929 жылы Шиелі ауданының Керделі еді мекенінің маңындағы Ұста тамында туған. 1936 жылы «Еңбекші» бастауыш мектебінде оқып, оны 1942 жылы аяқтаған. 1943-1946 жылдары Шиелі ауданындағы қазақ орта мектебінде білім алған. А.Молжігітов 1948 жылы сол кездегі «Жиделіарық» орта мектебінің бастауыш сыныбында мұғалім болып орналасады.

1949 жылы «Еңбекші» жеті жылдық мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. 1955 жылдан бастап Мәдениет саласына қызметке ауысып, «Қызыл отау» менгерушісі болып жұмыс істеді. 1959-1981 жылдар аралығында «Коммунизм» колхозының (қазіргі Нартай ауылы) клуб менгерушісі болып қызмет атқарған. 1981 жылдан 1988 жылдың желтоқсан айына дейін колхоз мәдениет үйінің әдіскері, 1988 жылдың желтоқсан айынан бастап 1990 жылға дейін Ы.Жақаев музейінде ғылыми қызметкер, 1990 жылдан өмірінің соңына дейін Нартай Бекежанов музейінде ғылыми қызметкер болды.

Ұстазы Нартай ақынның 1952 жылы шығарған:

– Бір сабақ, балам саған, ей, Арзулла,
Үмітсің жолымды ұстар өз ауылымда.
Өкең де кара жаяу емес мынау,
Өлеңмен үйір жүрді «базарлығы».
Ұстаның әулеті деп мәлім болған,
Туысың, ата-тегің көз алдыма.
Басыңды кір шалдырмай күтіп ұста,
Жастықтың желікпелі базарында.
Жігітке жүз өнер де аздық етер,
Оза шап, камшы басып қадамына.
Айтушы – өкең Нартай есте тұт деп,
Қыр, Сырдың аты мөшһүр қазағына, – деп

Арзулла:

– Ұстазым – елге мәлім Нартай ақын,
Кетерген Орта Азия, Сырдың даңқын.
Мінеки, сырнайменен топқа түстім,
Айтулы ұстазымның қуып салтын.
Емесің қатарымнан сөзге нашар,
Жайым бар әдемі әнмен көңіл ашар.
Нартайдың шапаны мен бөркін киіп,
Болам деп келешекте орынбасар.
Есмағзам:
– Ауылыңда Ворошилов мектебінен,
Су ағып төбесінен кеткенімен.
Балалар бүрсең қағып, сабақ оқып,
Көк жөтел күркілдеген шеттерінен.

Ауылында бір барғанда жақсы ісінді,

Газетке өлеңдетіп шығарамын.
Осы айттыста халықтың бәрі қол соғып,
жұрт Арзекен «кішкентай Нартай» деп
риза болған екен. Нартай ақынның шапаны
мен бөркін киіп, айттыстың додасына түскен
Арзулла ақын шын мәнінде ұстазының шәкірті
бола білген жан. Ұстазы мұрас етіп қалдырған
әр сөзді нақышына келтіре орындаған, сол
арқылы өнердің өлмейтінін дәлелдеген тұлға.
Ел ішінде Н.Бекежановтың өлеңдерін насихаттау
арқылы кісілік келбеттің биік шыңына шығады.
Шиелі ауданының орталығынан Нартай
өнер мектебін ашқан Құрманбек Бекпейіс те
Арзулланы ұстаз тұтты. Құрманбек ағамен
көзің тірісінде Арзулла Молжігітов жайлы
пікірлескен едім. Құрманбек Нартайдың әндерін
орындауды Арзулла ақыннан үйренгенін, әр
өнді үйренген сайын ұстазының ойынан шыға
білу үшін барын салғанын жүрген жерінде
айтып жүрді. Арзулла жайлы Құрманбек аға
өңгімеге тартқанымызда ұстазы Шиеліден
шыққан ақын-жыраулардың мұрасын жинауды
аманат еткенін, өзі басқарған Нартай өнер
мектебі осы іспен де шұғылданып жатқанын
өңгімеге өзек етті. Арзулладай ұстазының
жақсы қасиеттерін тілге тиек ете отырып:

– Кемегер пейіл, жомарт жүрек дарасың,
Мәңгілік жайға жол түсіп, міне, барасың.
Алдың берген аманатын табыстап,
Айқындап аштың пәни мен бақи арасын,
Ескерің есің өнерлі дөп ағында,
Шайқалтаушы едің өзеп басып қиял

шарасын.
Қайырлап шығып қайығың қалды-ау жағада,
Ағымды өзен алыстау салып жағасын.
Өнерге өлшем өрнегің қалды мұрадай,
Сан тарау жолға әндерің жазап салатын.
Даналығың да, ағалығың да – қазына,
Біле де бермес көп адам бұның бағасын.
Сақалығыңа серілігің базына,
Жігітке үлгі, қыздарға сұлу ағасын.
Өзіңе қонған өлеңнің кимас киесін,
Әуақ болып енді кімге тағасын?
Жүрегіңде менің ұстазым болып қаласын,
Ұмытар, бәкім, ұмытпас, бәкім, алашым.
Исламның нұры иллани шашсын шапағын,
Иманмен ашсаң бақиңды қақпа қаласын.
Нартайдан қалған үлесіңді алдым өн құрып,
Жоғалтпаспын, жар болсын Алла,

ағашым, – деген Арзекеннің қазасына арнаған көңіл қосын да сырнайға қосып орындап берген еді жарықтық.
Арзулла Молжігітов өзі де ақындар әулетінен туған дарын. Оның әкесі Молжігіт те өлең-сөзге шебер, ақын болған кісі екен. Қан арқылы берілген дәстүрді, ақындық ізді бүгінде есімі елге белгілі ақын, Арзулланың інісінің баласы, қолында оқып, білім алған Рахметулла Жолтаев жалғап келеді. Рахметулланы Нартайдың әндерін орындаушы ретінде де атауға болады. Макаланың басында Арзулла Молжігітов туралы сөз бастағанда оны Нартай әндерінің бүгінгі күнге жетуіне себепші болғанын, келешек ұрпаққа насихаттағанын, «Нартай Бекежанов» атындағы мемориалдық өнер музейінде жұмыс істеп, оның мұраларын сақтай білгенін тілге тиек еткен болатымыз. Сол Арзулла жұмыс жасаған музей бүгінгі күні де сол бағыты орнында, бәз бағыты қалпында тұр. Мұражайдың бір бұрышы Арзуллаға арналып, оны танымын, білімін, оқимын дегендерге де жағдай жасалған. Нартай ақынның шырақшысындай болған Арзулла Молжігітов хақындағы айтылған сөздің мұнымен бітпесі анық.

ӘЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

ШЫРАҚШЫСЫ
НАРТАЙДЫҢ
БҮЛ АРЗЕКЕН

Арзулла «Нартай сазын» сырнайға қосып орындаушылардың ішінде сирек кездесетін талантты өнер иесі. Ширек гасырға жуық уақыт мәдениет пен өнерге жасаған еңбегі бағаланып, ол 30-ға тарта мақтау қағаз, дипломға қол жеткізіп және дүниежүзілік, халықаралық фестивальдердің лауреаты болған.

Арзулла Молжігітов Нартай мұраларын насихаттаумен қатар, аймақтық айтты өнерінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан айтыскер ақын. Оның 1982 жылы Есіркеп Қоңқабаев, 1984 жылы Әмір Мәжітов, 1985 жылы Айдар Достияров, Оразкул Алтынбекова, Жалғас Таспанбетов, 1987 жылы Бибігүл Жаппасбаева, Замеддин Ибадуллаевпен айттысы, көбіне жүлделі орынға ие болғаны белгілі. Жастайынан Нартаймен ауылдас болып, оның орындаушылық өнеріне тәңгі болып өскен Арзулланың бұл өлеңге деген, жырга деген құмарлығын сезген Нартай одан өзінің ықыласын аямаған. Мектепке барғаннан бастап Нартайдың үйінде жағып оқып, оның жырарлық, ақындық мектебіне ден қойып өскен өнерпаз. Облыстағы Нартайдың шәкірттерінің ішіндегі Нартай дәстүрін жалғастырушы. Арзулланың бұл өнерін кешегі өткен жырар Балхашбай Жүсіпов, Тұрсынқұл Баханова, Ақмырза Тұяқбаев, Фатима Төлегеновалар ерекше бағалаған еді. Өмірінің соңғы күніне дейін Нартай мұражайында бас қор сақтаушы болып қызмет атқарған. Нартайдың шәкірті болған Арзекен 2002 жылы дүниеден озды.

толғаған «Арзулла балам» атты өлең жолдары алдағы уақытта шәкіртіне деген зор сенімді жүктенгенді болады.

Бір сөз естелікке көз жіберсек: 1945 жылдың қараша айының аяқ кезі. Қазіргі қалалық демалыс паркінің орнында облыстық оқушылар олимпиадасы өтіп жатқан кезең еді. Театр алдында республикаға белгілі атакты Нартай Бекежанов пен Қуаныш Баймағанбетов кездесіп қалғанда, екі ақынның қолын алып, қошемет көрсетіп жатты.

– Жас ақындарға шығармашылық табыс тілеймін, Арзулла балам, әлі бала, сарыуыз балапан ғой, – дей келе, Нартай шәкірті Арзулланың иығына шапанын жауып, басына бөркін кигізіп, белбеуін тағып, құмістелген өз сырнайын беріп, Сырдарияның Есмағзам деген ақынмен айттырды. Осы кезде хабарлаушы сақнаға шығып: «Ендігі кезекте Шиелі ауданының жас бала ақыны мен сырдариялық айтыскер ақын Есмағзам Қоразов айттысады», – деді. Арзулла сақнаға гармонь құйқылжыта ойнап шыға келгенде Есмағзам домбырасын әніне келтіре қағып-қағып, одан бұрын бастап жібереді.

Есмағзам:

– Аман ба, шыққан ақын сырнайменен?
Бар ма еді көрінгенің мұндай жерден?
Шыққан сен топ алдына айттысуға,
Айтқаның тауып сөйлеп ыңғайлы өлең.
Байқаймын айтар сөзден тайынбайсың,
Менің де ретім жоқ уайымдайтын.
Сыртыңнан есітеміз, қызығамыз,
Нәкеннің үкілеген тайындайсың.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБАНЫҢ НЕГІЗІ –
СЕМИНАР-КЕҢЕС

10 тамыз күні тергеушілер мен анықтаушылардың кәсіби шеберліктерін арттыру, азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында онлайн семинар өтті. «ZOOM» бағдарламасында ұйымдастырылған шарада тергеу-тексеру барысында туындайтын мәселелер талқыланды. Жалпы семинар-кеңестің басты тақырыбы: «Е-сараптама» пилоттық жобасы аясында электрондық қылмыстық істер бойынша сот сараптамаларын тағайындау.



Семинарға Қызылорда облыстық прокуратурасының өкілі, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің басшылығы, полиция департаментінің және қала-аудандық полиция құрылымдарының тергеу, анықтау және жедел-криминалистика саласының басшылығы мен жеке құрам қатысты.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Бас прокуратурасы, Әділет және Ішкі істер министрліктері 21-мамырда күшіне енген «Е-сараптама» пилоттық жобасын іске қосу туралы бірлескен бұйрыққа қол қойған болатын. «Е-сараптама» пилоттық жобасын жүзеге асыру қылмыстық істі тергеу шеңберінде «е-ҚІ» форматында сот сараптамаларын электрондық форматта тағайындауға мүмкіндік береді.

2021 жылдың 1-шілдесінен бастап Қызылорда облысы бойынша сот сараптама институтында пилоттық жоба іске қосылды. Осыған орай Қызылорда облысының полиция департаментіне қарасты Тергеу, Анықтау және Жедел-криминалистика бөлімдерінде жоба бойынша электрондық қылмыстық істерді тергеу-тексеру барысында сот сараптамаларын тағайындау туралы оқыту-үйрету жұмыстары жүргізілуде.

Семинар соңында сұрақтар қамтылып, алдағы уақытта пилоттық жобаны іске асыру, жедел-қызметтік жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында тиісті шаралар белгіленді.

«Ақмешіт ақпарат»

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8(7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

30 шілде күні еліміздегі коронавирус инфекциясының күрт өсуіне байланысты ұжымдық иммунитетті қалыптастыру, эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру, денсаулықты нығайту мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Вакцина алып, ұтысқа қол жеткізі!» атты лотерея ұйымдастырылған болатын. Аталған акцияға вакцина алған білім ордасының қызметкерлері мен студенттері белсене қатысты. Жеңімпаздар университеттің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасында лото жәшігінің көмегімен кездейсоқ тәсілмен анықталды.

ВАКЦИНА АЛҒАН СТУДЕНТТЕР ЕЛОРДАҒА
САЯХАТТАУҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Кәрімова «Вакцина алып, ұтысқа қол жеткізі!» лотереясының жеңімпаздарына жолдама табыстады. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай бас шаһарымыз Нұр-Сұлтан қаласына арналған жолдамаға 30 студент ие болды. Сондай-ақ, 30 студент жазғы тынығу лагеріне жіберілмек. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қызметкерлер мен сту-

денттерге фитнес залға 30 тегін абонемент, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінің бассейніне 30 тегін абонемент берілді. Бұдан бөлек 30 студент бір оқу жылына жатақханаға тұрға 50% жеңілдік алды.

– Пандемиядан тез құтылу үшін вакцина салу жұмыстарын күшейту керек. Ұжымдық иммунитет қалыптасқанда ғана аурудың таралуына мүмкіндігінше жол берілмейді және әріптестер арасында бір-біріне жұқтыру

азаяды. Мамандардың пікірінше, вакцина салдыру – аурудың алдын алудың ең сенімді әрі барынша тиімді шарасы, вакцина елдемейді, қорғайды, – деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Б.Кәрімова.

Айта кетейік, 2021-2022 оқу жылы дәстүрлі оқу форматына көшу жоспарлануда. Осыған сәйкес, қазіргі таңда оқу ордасының қызметкерлерінің 94 проценті, білім алушылардың 70 процент екіне салдырған.

СПОРТ

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

Токиодағы Олимпиаданың біткеніне көп болған жоқ. Алтын алмадық, күміс тақпадық демесек, 8 бірдей қоланы еншіледік. Әрине, қолаға қол жеткізу де оңай емес. Бірақ бір кездері біздің де спортшылар алтыннан алқа тағынып, әнұранымызды шырақатып, туымызды биікке көтеріп еді. Бүгін бұған дейінгі Олимпиада ойындарында ел спортшыларының жеткен жетістіктерін саралап өткенді жөн санадық.

БІЗДІҢ ҮЙГЕ АЛЛА КЕЛДІ

Қайып деген жігіттің отбасы – көпбалалы. Қара жұмыстан бел жазбай жүретін жігітке үй-ішін асырау көп күшке түседі. Күннен-күнге жетудің өзі ауыр. Бірақ Қайып моймайды. Барға қанағатшыл. Табиға қалған жұмыстан қашпай, бұйырған напаксын айырып, қаланың бір шетінде үй жалдап тұрып жатады. Әйелі емшектің сәбиімен отыр.

Бүгін оны бір досы отбасымен қонаққа шақырды. Қайып әрнәрсені сылтауратып бас тартып көріп еді, досы қиялып тұрып алды. «Өзім келіп көлікпен алып кетемін, әкеліп тастаймын, сені өзімнің отбасыммен, жақындарыммен таныстырамын» деп те қойды. Досының көңілін қимады, баратын болды. Бірақ қалай баралды, өзінде, әйелінде де, балаларының үстінде де жыртқы-жамаусыз дұрыс киімі жоқ. Жұрт көзіне қалай көрінбек?

«Жігітті намыс өлтіреді» деген, осыны ойлап, Қайыптың көңілі құлазды. Оңашада өзінің жай-күйіне көңілі түсіп, жылап та алды. «Мен осындай сорлы болармын ба?.. Бала-шағам маған қарайды, мен жерге қараймын... Бүгін досымның үйіне қалай барамын?.. Барамыз деп қойдым, бірақ бара алмаймыз ғой. Әйеліме досымның қонаққа ша-

қырғанын айтсам, ол менен бетер қорланады-ау...» деп жігіт өз-өзімен сөйлесумен болды. Кешке дейін біраз уақыт бар, алайда амалы құрып отыр емес пе, алты адамға кім киім сатып алып береді?..

Қайып досына бар алмайтындарын айтып қайтпаққа бекітті. «Досым біздің үстемізде қонаққа киюге жарайтын киімнің жоғын білмейді, барып айтайын, сәбиіміз ауырып қалды, біз бара алмаймыз» деп...

Ол осылай ойлап орнынан тұра бергенде есік қағалды. Баласы барып есікті ашқан, көрші үйдің бойжеткен қызы екен. Екі қолында екі пакеті бар.

– Сәлем бердік. Мені сіздерге әкем жұмсаған.

– Сәлемет бол, қызым. Хош келдің, кіре ғой, кел, босағада тұрма, – деп жатыр бұлар. Ұл-қызы көрші қыздың қолындағы затқа қарай береді.

– Әке-шешемнің екі ұлы басқа жақта тұрады ғой. Балалары баяғыда өсіп кеткен. Сол ағаларым мен жеңгелерімнен олар бізбен бірге тұрғанда көптеген киім-киешіге қалып қойыпты. Енді оларды ешкім қимейді. Балаларының киімдері де босқа жатыр. Мұнда ұл бала мен қыз баланың киімдері бар. Аға-жеңгемнен қалған киімдер де баршылық... Міне, осыларды әке-шешем «босқа жатқанша мұқтаж жандарға берейік» деді. Менің есіме сіздер түстіңіздер. Әке-шешем «онда өзін апарып бере ғой» деді. Сосын осы заттарды алып, сіздерге келгенмін, аға, ана, алыңыздар... Шын жүрегімізден, бұл киімдер онша қимеміз, арасында қимлеміз, су жаңа күйінде қалғандары қанша ма?! Кішкентайлар киіп жарытпаған ғой... Бәрі жаңа, таза. Алыңыздар, ал мұнда аздаған жеміс-жидек пен тәттілер бар. Баланың ойыншығын да ала келдім. Біздің үйде босқа жатыр бәріміз. Ал бұлар сіздерге керек болар деп шештік. Аға, ана, уялманьыздар, алыңыздар, – дейді қызбала. Ал бұлар мұндай тосын сыйды ешкімнен күтпеген, бәрі сілтідей тынып, қарап қалған.

– Қызым-ай, айнама-ай, – дей береді ерлі-зайыптылар.

Көрші қыз заттарды шығарып, үстел үстіне қойды. Өзі күлімсіреген күйі есікке қарай беттеді. Қайып пен зайыбы Сауленнің көзінен ыстық жас ағып бара жатты. Бұл жас мейірімге шөлдеген, сол мейірім шуағы төгілгенде риза болған, ем-шіпасын тапқандай күйге бөлгенген жаралы жүректен шыққан жас еді. Оны байқап қалған көрші қыз бұрылып: «Әкем де ескерткен, бұл біздің шын пейілден көмегіміз. Ар-намысыңызға тигеніміз жоқ, көршіміз ғой, қабыл алыңыз, деген, аға, алыңыздар, – деді. Сосын өзі жақсы танытын төрт жасар Айнашты сұрады.

– Айнаш қайда, көрінбейді ғой. Оған әдемі көйлек бар, – деп, күлімсіреген қалпы есікті аша бері, – жақсы, игіліктеріңізге жаратыңыздар, – деп шығып кетті.

Көрші қыз сұраған Айнаш келесі бөлмеде ұйықтап жатқан болатын. Салден соң бауырлары оны оятып алды. Әдемі көйлекті көрсетті. Бұл сәтте әке-шешесінен бастап барлығы жаңа киім киген, үйдің іші сондай ерекше күйге бөленіп тұрған сәт болатын. Ұйқысынан оянаған, айналдасын көріп қуанған Айнаштың сондағы сөзі: «Біздің үйге Алла келді ғой?!» болды. Төрт жасар Айнаштың бұл сөзінен әке-шешесінің көңілі тағы босады. Екеуі де: «Иә, ботақаным!..» деді.

Кешкіні досы көлігімен келгенде Қайыптың отбасы қонаққа баруға әзір болды.

Мұнайдар БАЙМОЛДА

Қазақстан спортшыларының құрамасы Жазғы Олимпиададан бұрын қысқы спорт сайыстарына қатысқан болатын. 1994 жылы өткен қысқы ойындарда отандасымыз шаңғышы Владимир Смирнов 50 шақырымға бақсынап, жарыста чемпион атанды. Бұл жарыста ұлттық құраманың қоржынына тағы екі күміс жүлде түсті. Ал Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан туы тұңғыш рет 1996 жылы Атлантада желбіреді. Бұл кезеңде үш спортшымыз қарсылас шақ келтірмеді. Атап айтқанда, грек-рим күресінің шебері Юрий Мельниченко, бессайысы Александр Парыгин, боксшы Василий Жилов алтыннан алқа тағынды. Төрт спортшымыз күміс, төрт спортшымыз қола жүлдемен оралды.

Ел есінде қалған олимпиада ретінде 2000 жылы Сиднейде өткен дүбірлі доданы айтуға болады. Бұл жолы Бекзат Саттарханов пен Ермахан Ыбырайымов, жеңіл атлет Ольга Шишигина да олимпиада чемпионы атағын жеңіп алды. Жырма жасында жасындай жарқыраған Бекзат қазақстандықтардың жүрегінде мәңгі сақталары сөзсіз. Өзінің күрзі жұдырығымен қарсыластарына естен танарлықтай соққы берген Ермахан да аңызға айналған боксшы. Кедргілер арқылы жүгірген Ольга Шишигина да өзгелерден оқ бойы озық болды. Сондай-ақ тағы да төрт санлағымыз күміс жүлдегер атанды. Байрақты бәсекелерді тікелей эфир арқылы тамашалап, елмен бірге қуанған болатынбыз.



Олимпиада ойындарының отаны саналатын Грекияның Афина қаласында өткен дүбірлі доданда Қазақстан құрамасы бір-ақ алтынмен оралды. Талантты боксшымыз Бақтияр Артаев чемпиондық атақпен бірге ең үздік боксшыға берілетін Баркер кубогын да қанжығасына байлады. Басқа спортшыларымыз 4 күміс және 3 қола медаль иеленді. Қытай астанасы Бейжіңде өткен байрақты бәсекеде де алтынды былғары қолғап шебері алып келді. Боксшымыз Бақыт Сәрсекбаев жеңістің биік туғырына көтеріліп, әнұранымызды шырақатты. Сондай-ақ төрт атлетіміз күміс, жеті спортшымыз қола жүлдеге қол жеткізді.

Олимпиада жайлы сөз қозғағанда 2012 жылы Лондонда өткен жарыстарға тоқталмай кету мүмкін емес. Төрт жылдықтың басты бәсекесі басталғанда боксшыларға үміт артатынымыз белгілі. Бұл жолы екі дүркін әлем чемпионы Серік Сәиевке ел болып сенім арттық. Серік

батыр да қалың қазақты жерге қаратпай, қарсы келген қарсыластың барлығын жайратты. Ол алтыннан алқа тағынып қана қойған жоқ, сонымен қоса Баркер кубогын иеленді. Бұл жолы атақты велошабандозымыз Александр Винокуров та айды аспаннан бірақ шығарды. Жеңіл атлетіміз Ольга Рыпакова да олимпиада чемпионы атанды. Бұғала қоса Лондон сайыстарынан Қазақстан спортшылары бір күміс және бес қола жүлдеге ие болды.

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығымен сәйкес келген 2016 жылғы Рио-де-Жанейро қаласында өткен олимпиадада Қазақстан спортшылары тағы да рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Бұл жолы біздің сайыпқырандар 17 медаль иеленді. Талантты боксшымыз Данияр Елеусінов қарсыластарының барлығын ұтып, олимпиада чемпионы атағын жеңіп алды. Жүзуші Дмитрий

Баландин мен ауыр атлет Ниджат Рахимов та алтыннан алқа тағынды. Бұл жарыста бес спортшымыз күміс жүлдеге қол жеткізсе, тоғыз атлетіміз қола жүлдегер атанды.

Міне, құрметті ағайын, тәуелсіздік алғалы бері Олимп шыңына көтерілген оғандарымыз бен аруларымызды атап өттік. Бұл тізімде ауыр атлет, Сырдың тұмасы, ел мақтанышы Илья Ильин де болуы керек еді. Өкінішке орай допинг дауымен екі бірдей олимпиадада жеткен жетістігі жоққа шығарылды.

Токио төрінде өткен олимпиадада ел спортшылары шыққан шынды барлығы жақсы біледі. Жеткен жетістік 8 қола болды. Жер көлемі жөнінен әлем елдері арасында тоғызыншы орынды алатын, саяси аренада өзіндік орны бар Қазақстан үшін бұл жетістік емес.

...Біздің спортшылар әлі көптеген Олимпиада алтын алады. Қазақстанның талай спортшысы шыққан Олимп шыңы бізге таңсық емес. Есе қайтарар күн алда.

А.АҚЫЛБЕК



ПОЛИЦИЯ – ХАЛЫҚ ҚОРҒАНЫ

Өткен аптада Қызылорда қалалық полиция басқармасының ұйымдастыруымен «Полицейдің бір күні. (Погоны журналист)» жобасы өтті. Ондағы мақсат – учаскелік полициялардың бір күндік жұмыс барысымен танысу. Жұмыс уақыты таңғы сағат 9-дан басталады. Таңғы сағат 9-да кезекші бөлімнен қару алады. Қызметкер жұмыс барысында қойылған талаптарды уақытында орындауға міндетті. Өйткені бұл – адам өмірі мен қауіпсіздігіне жауап беретін қызмет саласы. Учаскелік полициялар сапқа тұрып, тапсырма алды. Мұнан соң әркім өзіне жауапты мөлтек аудандарға жөнелді. Ал бізге берілген аймақ – №9 учаскелік полиция пункті.

Бұл пункт «Шұғыла» мөлтек ауданына қарайды. Шағын аудан бес аумаққа бөлінеді. Бес аумаққа бес полиция қызметкері жауапты. Жалпы «Шұғыла» мөлтек ауданында 18800 халық тұрады. Бұл аумаққа жауапты – полиция капитаны Асылхан Ембергенов. Бүгінде тәртіп сақшысының аталған салада жүргеніне алты жылдан асты. Асылхан өз жұмысын бекітілген учаскесін аралаудан бастады.

ТҮРҒЫНДАРҒА ТЫНЫШТЫҚ КЕРЕК

Полиция қызметкері халықтың қорғаны десек, еш қателеспейтініміз анық. Елдің амандығы, халықтың тыныштығы үшін күні-түні аянбай қызмет ететін осы сала қызметкерінің бір күні қалай өтетінін білесіз бе? Қарапайым адамға жеңіл көрінуі мүмкін, алайда бұл үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет болғандықтан, полицияның бір күндік жұмысы оңай емес. Қалалық полиция басқармасынан тапсырма алған погоны қызметкерлер өз жұмыстарына кірісті.

Бізге алдымен мөлтек ауданда орналасқан №29 көпқабатты үйге кіруімізді өтінді. Өйткені мұнда жалғыз басты карт ана Құлжамал Жүсіпова тұрады. Ол 78 жаста. Асылхан карт ананың жағдайын күнде сұрап, соғып тұрады. Оған қажетті дәрі-дәрмек пен азық-түлік әкеліп береді. Оған Құлжамал әже де дән риза. Асылхан таңертең жұмысқа емес, бірінші осы кісіге соғып, бақылап кетуді әдетке айналдырған.



– Бұл салада жүргеніме аз уақыт болған жоқ. Дегенмен өзім бала кезімнен погон тағуды армандадым. Мінеки, бүгінде осы қызметте жүрмін. Құлжамал әже менің отбасымның бір бөлігіне айналды десем де болады. Себебі, таңертең осы кісіге бірінші соғып, сонан соң жұмысқа барамын. Түскі уақытта, кешке де дәл солай. Әже жалғыз тұрады. Сол үшін ұяймындайсың. Жұмыстағы басты ұстаным – кішіпейілділік, – дейді Асылхан.

Құлжамал апа бізді қуана қарсы алды. «Қарғыс алма, алғыс ал» деген бар емес пе, карт әже бұл аудандағы полиция қызметкерлеріне риза екенін жеткізді. Тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн қоғамдық тәртіп күзетінде жүретін мамандар қала тыныштығын бақылап жүр. Тәртіп сақшылары десе көптің көз алдына заң бұзушыларды ұстап, қылмыс бетін ашқан мамандар елестері анық. Олардың ерен ерлігі сөзсіз ескерілу керек.

Асылхан бірнеше пәтерге кіріп, тұрғындардың арыз-шағымын тыңдады. Әсіресе, арнайы есепте тұрған жауапкершілік жағдайымен танысып, тексеріс жүргізеді. Кейін жұмыс кабинетіне оралып, азаматтардан түскен құжаттарды қарап, мәселелерін шешеді. Таңертеннен бастап кешке дейін учаскелік инспекторлар бекітілген үйлер мен пәтерлерді аралайды. Түрлі жағдайлар да орын алатынын жоққа шығармайды. Әсіресе, әлеуметтік осал топтар санатындағылармен жұмыс істеу оңайға соқпайтынын айтады. Бірақ мұның барлығы жұмыс барысы. «Адамдар полиция жұмысын жиі сынайды, ал қиын жағдайға тап бола қалса, тәртіп сақшыларына көмекке жүгінеді», – дейді Асылхан. Себебі учаскелік инспектор сөніп тапсырылған аумақтың тұрғындарымен, жағдайымен жақсы таныс. Полицияның басты қаруы мен күші – заң. Дегенмен жүктелген міндеттерді абыроймен орындау үшін жауапкершілік пен адалдық, мол еңбек керек.

– Енді полиция қызметкері болғаннан кейін саланың ыстығы да, суығы да болады. Қиын кезге де тап келдік. Оның бәрине шыдаймыз. Ант бердік емес пе. Мемлекет алдында арнайы ант бердік. Біз антымызда тұрамыз, – дейді ол.

Жалпы полиция қызметкері – халықтың қорғаны. Қылмысты ашуда, қауіпсіздікті сақтауда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор. Полиция қызметкері болу үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайрат қажет. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицияға қажетті басты қасиеттің қатарында. Ұстамды болуы, азаматтармен тіл табыса білуі, сыпайы болуы да аса маңызды.

Жарасқан ҚУАНШЫБАЙҰЛЫ

Суретті түсірген Нұрболта НҮРЖАУБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВТелефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1188

Нөмірдің кезекші редакторы Ерсін ШАМШАДИН